



**2023-2024 оқу жылына арналған бөбекжай педагогтарымен өткізілетін
әдістемелік кеңесінің отырысы**

№	Іс-шара тауы	Өткізу мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
1	№ 1 әдістемелік кеңестің отырысы Әдістемелік кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту	Қыркүйек	Хаттама	Меңгеруші әдіскер тәрбиешілер
2	№ 2 әдістемелік кеңестің отырысы Жас топтарында жоспарлы құжаттаманың жай-күйін талдау МДҰ логопедтерінің 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығындағы түзету жұмысының қорытындылары	Желтоқсан	Хаттама	Меңгеруші әдіскер тәрбиешілер
3	№ 3 әдістемелік кеңестің отырысы Балалардың өнімді қызметін талдау Тәрбиеленушілердің сырқаттануы мен жарақаттануын талдау	Ақпан	Хаттама	Меңгеруші әдіскер тәрбиешілер
4	№ 4 әдістемелік кеңестің отырысы Оқу жылын қорытындылау Тренинг «Менің көңіл күйім»	Мамыр	Хаттама	Меңгеруші әдіскер тәрбиешілер

2023 – 2024 оқу жылының №1 әдістемелік сағаттың хаттамасы

Өткізілген күні: 08.09.2023 жыл

Қатысқан: 6 педагог

Қатыспаған: жоқ

Күн тәртібінде:

1. «2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту».
Әдіскер: Ермакова Н.
2. «Жаңа оқу жылына топтар мен оқу бөлмелердің дайындығы» оперативті бақылау нәтижесі.
Әдіскер: Ермакова Н..
3. Әр түрлі сұрақтар.

Бірінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Ермакова Н. мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарымен таныстырды. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің үлгілік оқу бағдарламасы бекітіліп шықпағандықтан, 2023-2024 оқу жылына арналған нұсқаулық хатпен таныстырып, жаңа оқу жылындағы өзгерістер талқыланды. Педагогтардың сұрақтарына жауап берілді. Аудандық жылдық жоспарындағы іс-шараларды да осы жылдық жоспарда көрсетіп, балабақша басшысына бекітуге жіберілді.

Екінші сұрақ бойынша барлық топтарда және оқу бөлмелердің «Жаңа оқу жылының дайындығы» атты оперативті бақылау нәтижесімен таныстырды. Бақылау барысында: ойын дамытушы ортаны ұйымдастыруы, оқу қызметіне арналған аймағының болуы, ата – аналар үшін көрнекті үгіттеудің болуы, кабинеттерде, залдарда пәндік – дамыту ортасын ұйымдастыруы, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, өртке қарсы жай – күй бойынша талаптарды сақтау, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жөніндегі нұсқаулықты орындау деген сұрақтар негізге алынды. Осы бақылау бойынша жалпы бөбекжай топтарының дайындығы орташа екені байқалды. Тәрбиешілер әзірге былтырғы безендіруін өзгертпеген.

Үшінші сұрақ бойынша бөбекжай меңгерушісі мен әдіскеріне тәрбиеші тарапынан әр - түрлі оқу ісі мен тәрбиеге қатысты сұрақтар қойып, жауап алды.

Шешімдер:

1. 2023-2024 оқу жылы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асырудағы өтпелі тақырыптарға сәйкес жұмыстар берілген ұсыныстарды еске отырып, өткізіліп отырсын.

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

2. Оперативті бақылауда айтылған ұсыныстарға, ескертпелерге назар аударылып, жұмыс жасалсын, кемшіліктер жойылсын.

Мерзімі: бір айдың ішінде.

Жауапты: барлық педагогтар.

Төрайымы:

Хатшы:



Досбергенова А.К.
Темиргалиева А.Б.

2023 – 2024 оқу жылының №2 әдістемелік сағаттың хаттамасы

Өткізілген күні: 12.12.2023 жыл

Қатысқан: 6 педагог

Қатыспаған: жоқ

Күн тәртібінде:

1. «Жас топтарында жоспарлы құжаттаманың жай күйін талдау».
Әдіскер: Ермекова Н.Р.
2. МДҰ тәрбиешілердің 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығындағы дамыту жұмысының қорытындылары
Тәрбиеші: Халикова М.Х.

Бірінші сұрақ бойынша шағын орталық әдіскері Ермекова Н.Р. мектепке дейінгі ұйымның жас топтарында жүргізілген іс-шаралардың жоспарға сәйкес жүргізілуі бойынша талдау жасап, педагогтарға жоспарланған іс-шаралардың құжаттамаларын уақытында тапсыруларын талап етті. Қазан айында бекітілген үлгілік оқу бағдарламасына түсіндірме жұмыстарын жүргізілді. Бағдарлама аясында өзгертілген ҰІӨ-тер бойынша тағы да атап өтті.

Екінші сұрақ бойынша тәрбиеші Шапикова Н. 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығы бойынша есеп берді. Тәрбиеші балалардың жарты жыл ішіндегі жетістіктерімен бөлісті. Презентацияда балалармен жүргізілген жаттығулар көрсетілді. Ата-аналар чатына күнделікті балалардың іс-әрекет барысындағы видеолары жіберіліп отыратынын ескертті.

Тәрбиеші педагогтармен жаттығу өткізді. Түрлі тыныс алу жаттығулары мен нейрожаттығулар жасатты. Бұл шара тәрбиешілер арасында жағымды қарым – қатынас орнатуға мүмкіндіктер ашу мақсатымен ұйымдастырылды. Жаттығу барысында педагогтар түрлі ойындар ойнады.

Шешімдер:

1. Жоспарланған іс – шаралар тадаптарға сай өткізіліп, құжаттамалары уақытылы тапсырылсын.

Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

2. Айлық жоспар бойынша тапсырмалар жүйелі өткізілсін.

Жауапты: барлық педагогтар.

3. Педагогтарға арналған нейро- жаттығулар жас шамасына сай қолданылсын.

Жауапты: тәрбиешілер

Төрайымы:
Хатшы:



Досбергенова А.К.
Темиргалиева А.Б.

2023-2024 оқу жылының №3 әдістемелік сағаттың хаттамасы

Өткізілген күні: 09.02.2024 жыл

Қатысқан: 6 педагог

Қатыспаған: жоқ

Күн тәртібінде:

1. «Балалардың өнімді қызметін талдау». Әдіскер Ермекова Н.
2. Тәрбиеленушілердің сырқаттануы мен жарақаттануын талдау Медбике Акимова Ж.
3. Шағынорталықта ұйымдастырылатын ашық оқу қызметін дайындықты талқылау

Бірінші сұрақ бойынша бөбекжай әдіскері Ермекова Н. балалардың өнімді қызметіне талдау жүргізді. Сурет салу, мүсіндеу және жапсыра жұмыстары баланың жеке басының ашылуына ықпал ететінін атап өтті. Бала әр түрлі материалдармен жұмыс істегенде алған эмоциялары баланың психикасын емдейтін қозғаушы күш болып табылады, әртүрлі қиындықтар мен келеңсіз өмірлік жағдайларды жеңуге көмектеседі.

Екінші мәселе бойынша шағын орталық медбикесі Акимова Ж. сөз алды. Тәрбиеленушілерінің сырқаттануы мен жарақаттануына талдау жасай отыра, балалар өз қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды, сондықтан, қоғамдық орындардағы қауіпсіздік деңгейін арттыру маңызды екендігін баса айтты. Топ тәрбиешілеріне бала денсаулығын нығайтуға арналған бірнеше профилактикалық кеңес берді.

Үшінші мәселе бойынша бөбекжайда ұйымдастырылатын аудандық семинарға дайындық шындалды.

Шешімдер:

1. Балалардың еркін өнімді қызметіне жағдай жасалсын.
Мерзімі: үнемі.
Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.
2. Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға арналған профилактикалық шаралар жиі өткізілсін.
Мерзімі: жыл бойы
Жауапты: топ тәрбиешілері, бөбекжай медбикесі.
3. Ашық оқу қызметтері дайындықтары күшейтілсін, кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлау.
Мерзімі: наурыз-сәуір
Жауапты: әдіскер, бөбекжай тәрбиешілері.

Төрайымы:
Хатшы:



Досбергенова А.К.
Темиргалиева А.Б.

2023-2024 оқу жылының №4 әдістемелік сағаттың хаттамасы

Өткізілген күні: 24.05.2024 жыл

Қатысқан: 6 педагог

Қатыспаған: жоқ

Күн тәртібінде:

1. «Оқу жылын қорытындылау».

Әдіскер: Ермакова Н.Р.

2. Психологиялық тренинг

Әдіскер: Ермакова Н.Р.

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Ермакова Н.Р. сөз сөйледі. Әр топ тәрбиешілері оқу жылын қорытындылау мақсатында өткізілген барлық іс – шаралар бойынша жылдық есеп тапсырып, талқыға салды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер «Бала жанымыз» тақырыбында педагогтарға тренинг өткізді. Тренингтің мақсаты: бала жанын түсіну, бала тәрбиесінде мейірімді, шыншыл болу қажеттігі. Тренинг барысында бірінші сергіту сәтін өткізді. Содан кейін шеңбер болып тұруды сұрады. Әр педагогқа а4 қағаздары таратылды, ортасынан бүктеп ұстауды сұрады. Бір дана шикі жұмыртқаны жанындағы педагогқа қағаздың ыңғайымен келесі педагогтің қолындағы қағазға салды. Кезекпен бір-біріне жұмыртқаны салып тұрды. Ең соңында жұмыртқа жарылмай Ермакова Н. қолына жетті. Осы жұмыртқаны қалай аялап, сындырып алмай мейіріммен қарасаңыздар, бала жанына солай үңілсеңіздер деп тілегін білдірді. Әдіскер аз уақыт жұмыс жасау барысында ұжыммен табысты жұмыс атқарғаны атап өтіп, барлық әріптестеріне шығармашылық өрлеу тіледі.

Шешімдер:

1. Алдағы оқу жылында өткізілетін барлық іс – шаралар түрлендіріліп, жаңа инновациялық технологиялар негізінде жүргізілсін.

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: барлық топ тәрбиешілері.

2. Алдағы оқу жылында, айтылған кемшіліктер жойылсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауапты: әдіскер Ермакова Н.Р.

Төрайымы:

Хатшы:



Досбергенова А.К.
Темиргалиева А.Б.